

ЖЕР АТАУЛАРЫ – ТАРИХ ТАҢБАСЫ

Осыдан алты-жеті жыл бұрын, Кегенге барған бір сапарда ауыл азаматтарынан ежелгі ескерткіштер жөнін, жер жайын сұрастырып отырып, мүлде күтпеген бір атау алдымнан шыққанда қайран қалған едім. “Анау белдердің астында, Шелек өзенінің басында Күдіргі деген тау бар...” – деді бір жігіт. Мен аңырып, қайта сұрағанда: “Мүлде түсініксіз сөз, – деді. – Сірә, қалмақ. Өзгерту керек...” Менің аңырып қалғаным, осыдан екі, әлде үш мың шақырым жерде, қазіргі Ресей билігіндегі Алтайда Күдіргі деген жер бар. Күдіргі, Пазырық, Бесшатыр – мына Есіктегі Алтын-адам сияқты, біздің арғы бабаларымыз ғұн-түріктердің баға жетпес қаншама асыл қазынасы табылған атақты қорымдар; орыс ғалымдары зерттеген, Алтайдағы ежелгі жұрттың ата мұрасы деген, жапон ғалымдары толық жинақты түрлі түсті альбом шығарған, ондағы текемет, сырмақ бітімін, ою-өрнек, бұйымдар болмысын тексеріп, әлемдік мәдениеттің асыл нұскасы саналуға тиіс бұл қазыналардың бүгінгі тікелей мұрагері – қазақтар деген; біздің өткендегі ұлылығымыздың осындай көрнекі айғағы шырғасы шықпай, тұтасымен Ленинградтағы Эрмитажда тұрар еді. Пазырық, Бесшатыр, Күдіргі... Сол Күдіргі Алтайдан неше мың шақырым жердегі бүгінгі өз аулымыздан ұшырасып отыр. Неткен ғажайып. Атаудың кем дегенде екі жарым мың жылдық ғұмыр-жасы бар деген сөз. Бұдан да мәндісі – бұдан жиырма, жиырма бес ғасыр бұрын анау Алтай мен мына Алатауда тілі ортақ, түбірі тұтас бір халық жайлап отырды деген сөз. Мен күдір деген – таутеке мен бұғының аралығындағы, сірә, елік кейіптес, ашатұяқ аң болса керек, Күдіргі – күдірі көп, Арқарлы, Маралды кейіптес атау... – деп бастап едім, тым көп білетін жігіт екен, ондай аң бізде жоқ деп келтесінен қайырды; болмаса, құрып кеткені, Алтайда әлі бар, тіпті, мән-мағнасы мүлде белгісіз болсын, мәселе бүгінгі қазақ тілінен балама табуда емес, бірақ мен тәжікелесіп жатуды артық көрдім, Алтайдағы Күдіргіні Алатаудан тауып берді, бұдан артық не керек, рақмет. “Осындай, қалмақтан қалған атаулар әр жерде бар...” – деді жігітім. Бұл – орысқа батпай, өтіп кеткен қалмақтың құлағын қайтадан шулата бастаған бір кезең еді. Анау не деген сөз, мынау не деген сөз деп тінтінектеп, шұқылау басталған. Баяғы алашордашыларды, ұлтшылдарды әшкерелеу науқаны сияқты. Соншама іждағатпен іздеген соң, әрине, табады. Қызылкөз балшабектен көкезу ұлтшылға айналған, қатардағы көп ұлтшылдың бірі емес, ұлттық батыр дәрежесіне көтерілген бір ағамыз: “Қаскелең деген, Шамалған деген не сұмдық? Қалмақтың батырларының аты. Ендеше, тезінен өзгерту керек!” деген ұран тастады. Сол қалмақты жеңген қазақ бұдан екі жүз қырық жыл бұрын неге өзгертпеген? Әлде, құда-жекжаты болғандықтан қимады ма. 20-жылдарда тап жауларымен күрестен бастап, 30-жылдарда өздерін өздері жеп қойған большевизм елесі қайтадан түс берді. Біз бірден өзімізден бастадық. Отаршыл озбырлықтың қара таңбасындай болып бүкіл Қазақстанды басып жатқан

мыңдаған атауды әпсәтте өзгертуге шама жетпес, бірақ астана ғана емес, бас қала болған Алматының өзінде балшабек қайраткерлердің ондаған ескерткіші мен қаншама көшесі қаз-қалпында тұрды емес пе. Оларға батпай, өзімізге ауыз салдық. Қалмаққа да, басқаға да үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, үңіле қарасақ, ежелгі үйсін-сақ заманынан бері келе жатқан ежелгі атауларға қарсы тұтас бір науқан жүргізілді. Ақыры, қарсылық айтып, өзгертпей қоятын, ардақты деген ұлдарыңызға туған жерлерінде жарты көшенің атын да қимай, табандап отырған орыс ағайындар дәл осы ауылда азшылық, өзіміз би, өзіміз қожа, өзгерттік те салдық. Қаскелең жоқ. Келесі кезекте Шамалған тұр.

Әлбетте, Қаскелеңді құрту – отаншылдық ұран астында жеткен кезекті бір жеңіс. Бұдан бұрын Нарынқол кеткен, Ленгір кеткен, Егіндібұлақ кеткен... Қайсы бірін түгендейсіз. Бүгіннен бастап сүзсеңіз, Шыңғыстауға барып тірелесіз. Рас, Шыңғыстау атауын Абай есіміне көшірген біз емес. Бірақ одан іс мәнісі өзгермейді. Өйткені, Абай қанша алып болса да... Шыңғыстауды туғызған – ол емес. Шыңғыстау Абайды туғызған. Қарасай, Райымбек, Әйтеке, Қазыбек, Төле би.. – бәрі де қазақтың топырағынан жаралған, ал топырақты жарату – Тәңірінің ғана үлесіне тиіпті. “Адам – ғапыл, дүниені дер менікі...” – Абай айтқан. Мың жылдан бері келе жатқан жер атауларын өзгерту – артық менмендіктен, жай ғана менмендік емес, тасыр астамдықтан туындаған құбылыс.

Жаңадан игерілмек, немесе ашылған, жауланған жерге, иесі бар ма, жоқ па, атауы бар ма, жоқ па, мүлде назар аудармастан өз атауын беру – адамзат тарихының ұзына бойына созылған құбылыс. Соның өзінде, көбіне-көп, көп болмаса да ішінара ежелгі топонимика сақталып қалады. Мәселен, байырғы жұрты біржола дерлік жойылған Солтүстік Американың өзінде. Құрама Штаттардың астанасы тұрған Потомак өзенін айтудың өзі жеткілікті. Бұдан гөрі өзгешерек жағдай – бір халықтың үстіне екінші бір халықтың келіп орнауы – негізінен XX ғасырға, онда да советтік орыс өктемдігіне қатысты жағдаят. Жергілікті халық біржола құрып кеткен жоқ, қырып-жойып, тауыса алмай жатыр, бірақ түптің түбінде осы жерде із-түзі қалмауға тиіс, соның жоралғысы ретінде ең алдымен жер атаулары өзгертіледі. Яғни, мына біз. Жаңадан орнаған ауыл, қалаларға өз атауларын бергені тұрыпты, байырғы жер аттарын жаңарта бастады: Көкшетау – Синегорье болды, Жетісу – Семиречье болды, Бетпақ Дала – Голодная степь, Шортанды – Щучье, Бурабай – Боровое атанды, тұтас аудан, аймақтар ақ нәсілді балшабек көсемдерінің есіміне көшірілді.

Сол беті мәңгіге кетпеді. Империя іштен іріп, біржола ыдырады, жері қорлықтағы, елі құлдықтағы қазақ тәуелсіздік алғандай болды, ежелгі ұлттық мемлекетіміз қайтадан құрылды деп ойладық. Алдыңғы кезектегі бір мәселе – отарсыздану, яғни, отарлық зардаптарынан тазару, соның бір тармағы – зорлықпен таңылған, бұрмаланған топонимика жайы болатын. Бір күнде, бірер жылда бітер іс емес, бірақ орны, орайымен қолға алынса, уақыт оза келе толығымен жүзеге асуға тиіс, ұлттық мәні бар, аса маңызды шаруа. Ептеп басталып та кетті. Отаршыл жендеттердің атына,

немесе, қызыл көсемдер есіміне байланған, көбіне-көп ешбір дерексіз, әйтеуір орыс атамның жорасы еді деп қойыла берген ауыл, мекен, бекет, көше атаулары кейде өзінің ежелгі тамырын тауып, кейде қазақ қайраткерлерінің есімдеріне аударылып жатты. Көбі мызғымай орындарында қала берді. Заман қазақтыкі, ертелі-кеш орнына келе жатар дестік. Міне, осы кезде балшабектік жалынды ұран көтерілді. Балшабектер баяғыда, 18-жылы билікке жетісімен, енді мәңгілік тарих біздікі деп, бүкіл Ресей империясының шегіндегі тарихи қала аттарының біразын өздеріне көшірген еді ғой, сол үрдіс күні кешеге дейін келген. Ленинград, Сталинград, Сталинабад, Киров, Молотов, Калинин, Свердлов... санап тауыса алмайсыз. Біздің ағайындар революция жасаған жоқ, өз есімдерін ұсына алмайды, бірақ қайткенде де ат шығару керек, сондықтан әркім өз атасын ұсынды. Сөйтіп, Төле би, Қазыбек, Әйтеке, Райымбек... тізіліп жүре берді. Бұл кісілердің жеке басына қарсылығымыз жоқ, бірақ мана айтқанымыздай, жүздеген жылдық тарихы бар ежелгі жер атауларын өзгерту соншалық мұқтаж іс пе еді. Бүкіл қазаққа ортақ тұлғалар екеніне де күмән айтпаймыз, бірақ ортақ тұлға, ірі тұлға керек болса ең алдымен Әз-Жәнібек пен Керейдің, Тәуекел мен Есімнің... Абылай мен Кенесарының аттары неге ауызға түспеген. Өзіміз болдық, олар да болады дерсіз. Айтқаныңыз келмей-ақ қойсын. Ертең Абылайдың атына бір аудан береміз. Кенесарының атына бір аудан. Қасым, Салқам Жәңгір... Өткен тарихымыздағы барлық тұлғаларды түгендеп шығамыз. Сонда қазақ жерінің ежелгі атауларынан не қалады? Жер таусылған кезде Алатауға Тұрар Рысқұловтың атын беру керек, Қаратауға Ораз Жандосовтың атын беру керек, Көкшетауға Сәкен Сейфуллиннің атын беру керек деген ұран көтерілмесіне кім кепіл? Жарайды, Алатауды да, Көкшетауды да сұңқарларға бердік. Бүгінгі тұлпарларыңызға не қалады? Әлде, жағалай үлестіре берсек, ертең бізге де бірдеңе бұйырып қалар деп ойлай ма екен бұл шіркіндер. Бұйырсын. Одан да соңғы пырақтарыңызға қолдан тау жасайсыз ба, қала тұрғызасыз ба, әлде кейінгілері мықты көрініп, әуелгілерді тағы өзгертесіз бе?..

Жоқ, бұлай болмайды. Ресейде жаңашыл патша салған Петербург тұр, Америкада алғашқы президент негіздеген Вашингтон тұр, жөні бөлек, жоқтан бар болған, соның өзінде шетін құбылыс, басқасы түгел орнында. Стратфорд-Эйвон қаласын Шекспир деп атау ешбір ағылшынның ойына келмеген. Францияда Стендаль, Бальзак деген, Наполеон деген қалалар бар деп естімедік. Бүгінгі миллиард қытай пір тұтып отырған, екі жарым мың жыл бойы ұлы халықтың рухани көсемі болып келе жатқан Күнфудзының есімін аудан, қала түгілі, өзінің туған жеріндегі, немесе, өлген, сүйегі жатқан жеріндегі кішкентай бір ауылға сүйеп қою ешкімнің қаперіне келмейті. Атадан қалған мың жылдық атауды өшіріп, өзгертіп жатқан біз ғана.

Сонда, бүкіл қазақ таныған атамызды құрметтемеу керек пе дейді ғой менің білгір ағайындарым. Сол атаңызды сізден гөрі мен артығырақ құрметтеймін. Сіз де құрметтеңіз. Бірақ шын құрмет жайы бұдан гөрі басқашарақ. Тарихын жазыңыз, тойын өткізіңіз, ескерткіш қойыңыз,

көшелердің, тіпті, әлдебір жаңа елді мекендердің атын беріңіз... Қайткенде де жасалған жақсылық ежелгі тарих, ата-баба мирасы есебінен болмасын. Қазақ жеріндегі кез келген атауда халқымыз өткен өмір, бабалар тарихының ізі жатыр. Дүние танымы, көркемдік танымы жатыр. Қалыптанған, тұрақтаған, біржола бекіген. Халқыңның атауын, арғы атаң, тіпті күні кешегі әкеңнің атын өзгерте алмайтының сияқты, жер атауы да өзгеруге тиіс емес.

Жер мәңгі, ел мәңгі, ал ғасырлар шеруіндегі ең ұлы тұлғалардың өзі халықтың тарихи жолындағы темір қазықтар ғана, бекітіп ұстап тұр, бірақ жерді жаратқан, елді туғызған ол емес, жерден жаралды, елінен өсіп-тұлғаланды; ақыр соңы да ол емес – жер орнында тұрса, ел аман болса соған лайық ұлдар да кезегімен дүниеге келе бермек.

Айтпақшы, қойылып кеткен атауларды қайтпекпіз? Амал жоқ, әзірше тұра береді. Тарих көшінің енді бір кішкене белесінен соң ежелгі атаулар өз орнын қайта табады: Шыңғыстау да, Нарынқол да, басқасы да. Ежелгі тарихи атаудың қайтып оралуының тамаша мысалы – Тараз. Тарихпен бірге жасаған, өзін туғызған халқымен біте қайнасқан қасиетті жер атаулары ешқашан да көмескі тартпақ емес.

16.VIII.1999.